



БҰЙРЫҚ

№ 09.07.2025к.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 115

город Астана

**«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК
ішкі құқықтық құжаттарын қайта бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы
Заңның 23 бабының 3-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК (бұдан әрі-Кәсіпорын)
нормативтік-құқықтық құжаттары қайта бекітілсін:

- 1) Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты
- 2) Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты;
- 3) Кәсіпорын қызметкерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және
коммерциялық пара беру жөніндегі нұсқаулық;
- 4) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделері
қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат;
- 5) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты.

2. 2023 жылғы 18 қыркүйектегі №120 бұйрықтың және 2025 жылғы 06
қаңтардағы №14 бұйрықтың күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

А. Могилевский

«Астана» Олимпиадалық даярлау
орталығы» РМҚК директорының
2025 жылғы « 09 » шілде
бұйрығымен бекітілді № 115

А.В. Могилевский



**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің
«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ

1.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК (бұдан әрі - Кәсіпорын) Кәсіпорын және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықты болдырмауға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауға бағытталған негізгі қағидаттары мен талаптарын айқындайтын базалық құжаты болып табылады.

1.2. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Кәсіпорынның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.3. Саясат Қазақстанда және әлемнің басқа елдерінде «сыбайлас жемқорлық», «сыбайлас жемқорлық әрекеттері», «сыбайлас жемқорлық қызметі» әдетте пара беру немесе алуды, пара беруде және алуда делдал болуды, қызметтік жағдайын немесе өкілеттілігін теріс пайдалануды, коммерциялық пара беруді, рәсімдерді жеңілдету үшін төлемдер жасауды, лауазымды тұлғаның өз мүддесі үшін ақша, құнды заттар, басқа мүлік, қызметтер немесе құқықтарды өздері немесе басқа тұлғалар үшін заңсыз пайдалануын, сондай-ақ заңсыз түрде осы тұлғаға немесе басқа тұлғаларға пайда немесе құқықтар ұсынуды қарастырады.

2. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ

2.1. Саясат Кәсіпорынның және оның басшылығының жоғары этикалық стандарттарға, ашық және адал жұмыс істеу принциптеріне бейілділігін, сондай-ақ Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетін жетілдіруге, корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін ұстануға және Кәсіпорынның іскерлік беделін тиісті деңгейде сақтауға ұмтылысын көрсетеді.

2.2. Кәсіпорын өз алдына келесі мақсаттарды қояды:

1) Кәсіпорын және оның қызметкерлерінің (бұдан әрі - бірлесіп – «Қызметкерлер») атқаратын лауазымына қарамастан сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелін азайту;

2) іскерлік қоғамдастық, контрагенттер және Қызметкерлер арасында Кәсіпорынның кез келген түрдегі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігі туралы біркелкі түсінік қалыптастыру;

3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының Кәсіпорын мен Қызметкерлерге қолданылуы мүмкін негізгі талаптарын жүйелеу және түсіндіру;

4) Кәсіпорын қызметкерлерінің осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін заңнамадағы негізгі нормалар мен тиісті рәсімдерді білу және сақтау міндетін белгілеу.

3. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Кәсіпорынның барлық Қызметкерлері осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын басшылыққа алуға және оларды қатаң сақтауға тиіс.

3.2. Кәсіпорын басшылары осы Саясаттың қағидаттарын және талаптарын іске асыруға бағытталған барлық іс-шараларды ұйымдастыру, оның ішінде жауапты тұлғаларды тағайындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді әзірлеу, енгізу және бақылау үшін жауапты.

3.3. Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары Кәсіпорынның контрагенттері мен өкілдеріне де қолданылады, сондай-ақ шарттарда, ішкі құжаттарда тиісті міндеттер

бекітілген жағдайларда немесе заңнамадан тікелей туындайтын болса, оларға да қолданылады.

4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА

4.1. Кәсіпорын және барлық Қызметкерлер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Қазақстан Республикасының Кодексінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтауы тиіс. Бұл талаптардың негізгі мәні - пара беруге, пара алуға, параға коммерциялық сатып алуға және парақорлық әрекеттеріне делдал болуға тыйым салу.

4.2. Осы ережелерді ескере отырып, Кәсіпорынның барлық Қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, пара ұсынуға, беруге, уәде беруге, сұрауға және алуға, сондай-ақ әкімшілік, бюрократиялық және басқа да ресми рәсімдерді оңайлату үшін кез келген түрде, оның ішінде ақша қаражаты, құнды заттар, қызметтер немесе басқа да пайда түрінде төлемдер жасауға қатаң түрде тыйым салынады. Бұл тыйым кез келген тұлғалар мен ұйымдарға, оның ішінде коммерциялық ұйымдар, атқарушы және өкілді мемлекеттік органдар, мемлекеттік қызметшілер мен олардың өкілдеріне қатысты қолданылады.

4.3. Кәсіпорын және оның Қызметкерлері халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидаттары мен нормаларын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын әлемнің кез келген елінде сақтауға тиіс.

5. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

5.1. Жоғары басшылықтың миссиясы

5.1.1. Кәсіпорын басшылығы барлық деңгейлерде кез келген сыбайлас жемқорлық түрлеріне төзбеушілік танынып, өзінің мінез-құлқымен үлгі көрсету арқылы этикалық стандарт қалыптастыруы тиіс.

5.1.2. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысанына және көріністеріне төзбеушілік қағидатын бекітеді («нөлдік төзімділік» қағидаты), бұл күнделікті жұмыс пен стратегиялық жобаларды жүзеге асыруда, сондай-ақ акционерлермен, инвесторлармен, контрагенттермен, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен, Қызметкерлермен және басқа тұлғалармен өзара әрекеттесуде көрініс табуы тиіс.

5.2. Тәуекелді бағалау

5.2.1. Кәсіпорын тұрақты негізде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап, қарастырып, өзінің жалпы қызметі мен жекелеген бағыттары бойынша оларды бағалайды.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті рәсімдер

5.3.1. Кәсіпорын анықталған тәуекелдерге ақылға қонымды түрде сәйкес келетін және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған тиісті рәсімдерді әзірлейді және енгізеді.

5.4. Ақпараттандыру және оқыту

5.4.1. Кәсіпорын осы Саясатты корпоративтік сайтта еркін қолжетімді етеді, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу туралы ашық мәлімдейді және барлық контрагенттерге, өз Қызметкерлеріне және өзге де тұлғаларға осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау қажеттігін қолдайды.

5.4.2. Кәсіпорын Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін жоғарылату мақсатында ақпараттандыру мен жүйелі оқытуды жүзеге асырады.

5.5. Мониторинг және бақылау

5.5.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің және шаруашылық қызметке әсер ететін өзге факторлардың уақыт өте өзгеруі мүмкін екендігін ескере отырып, Кәсіпорын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдерге мониторинг жүргізеді және сақталуын бақылайды, қажет болған жағдайда оларды қайта қарап, түзетеді.

6. СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР

6.1. Қызметкерлердің Кәсіпорын атынан басқа тұлғаларға және ұйымдарға ұсынуы мүмкін сыйлықтар немесе қызметкерлердің Кәсіпорындағы жұмысына байланысты басқа тұлғалар мен ұйымдардан алуы мүмкін сыйлықтар, сондай-ақ өкілдік шығындар, оның ішінде іскерлік қонақжайлылық пен Кәсіпорынды ілгерілету шығындары, бір мезгілде төменде көрсетілген бес критерийге сәйкес болуы керек:

1) Кәсіпорынның заңды қызмет мақсаттарымен тікелей байланысты болуы, мысалы, ғылыми жобаларды таныстыру немесе аяқтау, келісімшарттарды сәтті орындау немесе ұлттық, мемлекеттік мерекелер, атаулы күндер, мерейтойлармен байланысты болуы;

2) нақтыланған әрі орынды негізделген болуы және сән-салтанат үшін қолданылмауы;

3) қызмет көрсету, әрекет, әрекетсіздік, салғырттық, қамқоршылық, құқық беру, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т.б. үшін жасырын сыйақы ретінде көрінбеуі, сондай-ақ заңсыз немесе этикалық ережелерге қайшы басқа да мақсаттарда әсер ету ниеті болмауы;

4) сыйлықтар немесе өкілдік шығындар туралы ақпарат ашылған жағдайда Кәсіпорынға, қызметкерлерге және басқа тұлғаларға репутациялық қауіп төндірмеуі;

5) Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарына, Кәсіпорынның Корпоративтік әдеп кодексі мен ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі.

6.2. Кәсіпорынның атынан және оның қызметкерлері мен өкілдерінің атынан үшінші тұлғаларға нақты немесе есепшот арқылы ақша түрінде, валютаға қарамастан сыйлықтар беруге жол берілмейді.

7. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК

7.1. Кәсіпорын белгіленген тәртіпте әлеуметтік жауапты компания ретінде ұйымның имиджін қалыптастыруға бағытталған қайырымдылық саясатын жүзеге асыруға құқылы. Кәсіпорынның нақты жобаларында коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырмайды.

8. САЯСИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

8.1. Кәсіпорын Кәсіпорынның нақты жобаларында коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында саяси партияларды, ұйымдар мен қозғалыстарды қаржыландырмайды.

9. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

9.1. Кәсіпорын Кәсіпорынның нақты жобаларында коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында мемлекеттік қызметшілер мен олардың жақын туыстарының пайдасы үшін (немесе өз пайдасы үшін) қандай да бір шығындарды өтеуден бас тартады. Бұған көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-компаниялар және т.б. немесе олардың Кәсіпорын есебінен басқа пайда алу шығындары жатады.

10. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

10.1 Кәсіпорын өз Қызметкерлерінен Саясатты сақтауын талап етеді, оларды негізгі қағидаттарымен, талаптарымен және бұзушылықтар үшін қолданылатын санкциялармен таныстырып, сондай-ақ оларды Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық міндеттеріне енгізеді.

10.2. Кәсіпорында Кәсіпорын басшылығын сыбайлас жемқорлық фактілері туралы қауіпсіз, құпия және қолжетімді ақпараттандыру құралдары («жедел желі») ұйымдастырылуы мүмкін.

10.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тиісті деңгейін ақпараттандыру үшін Кәсіпорынның жаңа қызметкерлері міндетті түрде осы Саясатпен және оған байланысты құжаттармен танысуы керек.

10.4. Кәсіпорын Қызметкерлерінің осы Саясат қағидаттары мен талаптарын сақтау деңгейі жоғары лауазымдарға ұсыну үшін кадр резервін қалыптастыру, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану кезінде ескеріледі.

11. ДЕЛДАЛДАРМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

11.1. Кәсіпорын мен оның Қызметкерлеріне делдалдарды, серіктестерді, агенттерді, бірлескен кәсіпорындарды немесе басқа да тұлғаларды осы Саясат қағидаттары мен талаптарына немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларына қайшы келетін әрекеттерді жасауға тартуға немесе пайдалануға тыйым салынады.

11.2. Саясатта көзделген қағидаттар мен талаптарды орындау мақсатында, Кәсіпорын делдалдармен, серіктестермен, агенттермен, бірлескен кәсіпорындармен және басқа да тұлғалармен жасалатын келісімшарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарды (ескертпелерді) енгізуі мүмкін. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттар (ескертпелер) Кәсіпорынның Саясаты мен әрекет ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер жүйесі туралы мәліметтерді қамтуы керек. Қажет болған жағдайда, Саясатты келісімшарттың қосымшасы ретінде қарастырып, Саясат қағидаттары мен талаптарын бұзғаны үшін контрагенттердің жауапкершілігін анықтауға болады.

12. БУХГАЛТЕРЛІК КІТАПТАРДЫ ЖӘНЕ ЖАЗБАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ

12.1. Барлық қаржылық операциялар ұқыпты, дұрыс және егжей-тегжейлердің жеткілікті деңгейімен Кәсіпорынның бухгалтерлік есебінде көрсетілуі, құжатталуы және тексеруге қолжетімді болуы керек.

12.2. Кәсіпорында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген, заңнамада белгіленген мерзімде толық және шынайы бухгалтерлік есептілікті дайындауға және ұсынуға жауапты қызметкерлер тағайындалды.

12.3. Кәсіпорынның бухгалтерлік есептілігін бұрмалауға немесе көрінеу жалған жасауға қатаң тыйым салынады және алаяқтық ретінде қарастырылады.

13. КЕМШІЛІКТЕР ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

13.1. Кез келген Қызметкер немесе өзге тұлға, егер өзінің әрекеттерінің заңдылығы немесе Саясаттың мақсаттары, қағидаттары мен талаптарына сәйкестігіне күмән туындаса, сондай-ақ басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе Кәсіпорынмен өзара әрекеттесетін басқа тұлғалардың әрекеттері, әрекетсіздігі немесе ұсыныстары туралы өзінің тікелей басшысына хабарлай алады, қажет болған жағдайда ол болған жағдайға қатысты түсініктеме және ұсынымдар береді.

14. ЖАУАП БЕРУ ШАРАЛАРЫ МЕН САНКЦИЯЛАРДАН БАС ТARTУ

14.1. Кәсіпорын мәлімдейді, егер Қызметкер сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарласа немесе пара беруден, алудан, коммерциялық сыйлық жасаудан немесе делдал болудан бас тартса, ол қандай да бір жазалау шараларына (жұмыстан шығару, лауазымын төмендету, сыйақыдан айыру және т.б.) ұшырамайды. Бұл жағдайда, қызметкердің осындай әрекеті нәтижесінде Кәсіпорынға зиян келмегені немесе коммерциялық және бәсекелестік артықшылықтар алынбағаны ескеріледі.

15. АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

15.1. Кәсіпорын тұрақты негізде қаржы-шаруашылық қызметтің ішкі және сыртқы аудитін, бухгалтерлік есепте деректердің толық және дұрыс көрсетілуін Қазақстан Республикасы заңнамасының және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарының, оның ішінде осы Саясатта белгіленген қағидаттар мен талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

15.2. Кәсіпорында ішкі бақылау рәсімдері аясында коммерциялық қызметтің негізгі бағыттарын тексеру жүзеге асырылады. Жүзеге асырылатын төлемдердің заңдылығын, олардың экономикалық негізділігін, шығыстардың орындылығын, оның ішінде бастапқы есепке алу құжаттарымен растау және осы Саясаттың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексерулер жүргізіледі.

16. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

16.1. Егер осы Саясаттың немесе оған байланысты Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерінің тиімділігі жеткіліксіз деп танылса немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптары өзгерсе, Кәсіпорын осы Саясатты және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді қайта қарау және өзгерту жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеп, жүзеге асыруды ұйымдастырады.

17. ОСЫ САЯСАТТЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ (ТИІСІНШЕ ОРЫНДАМАҒАНЫ) ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

17.1. Кәсіпорын Қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау үшін жауап береді, сондай-ақ оларға бағынатын тұлғалардың әрекеттері

(әрекетсіздігі) осы қағидаттар мен талаптарды бұзған жағдайда жауапкершілікке тартылады.

17.2. Осы Саясаттың талаптарын бұзған тұлғалар Кәсіпорынның, құқық қорғау органдарының немесе басқа да уәкілетті тұлғалардың бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында, Кәсіпорын Жарғысында, ішкі құжаттарында және еңбек шарттарында көзделген негіздер бойынша тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.